

Қазақстан Республикасы Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы

№ 1 « 28 » тамыз 2021 ж
Педкеңесте қаралды

Бекітемін: 
Мектеп директоры: С.Т.Койайдаров

« 2 » қыркүйек 2021 жыл



Келісемін: 
Ойыл ауданының білім бөлімінің
басшысы С.Т.Меруенов


№ 1 хаттама

10.09.2021 ж.




ҚЫЗЫҚТЫ МАТЕМАТИКА
(вариативтік компонент)

Пайдаланушы: Ғабидоллақызы Б.
МАД тәрбиешісі

Ә/Б отырысында қаралды 
(Ә/Б жетекшісі)

№ 1 хаттама 24 күні 08 айы

Тексерілді:  Г.С.Даробаева

Оқу ісі жөніндегі орынбасары

2021-2022 оқу жылы

Түсінік хат

Қазіргі таңда қоғамды дамыту үшін мектептің алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі-оқушылардың шығармашылық қабілетін барынша ашып,толыққанды қоғам құруға өзінің бар мүмкіндігін жұмсайтын шығармашылық қабілетті жеке тұлға қалыптастыру.Сондықтан математиканы оқытуда оқушыларға оқу материалын еске сақтау емес,осы материалды шығармашылықпен қолдау шеберлігін қалыптастыруға көп көңіл бөлінеді.

Математикалық есептерді шығару үрдісінде оқушылардың шығармашылық қабілеті жеке тұлға қасиеттері қалыптасады.Есеп шығару шеберлігі арқылы оқушының математикалық танымының дамуын және оның ой әрекетінің белгілі бір сапасын анықтап, дамытуға болады. вариатив сабақтар дегеніміз- оқушылардың білімін кеңейту және тереңдету,олардың оқуға деген қызығушылығын қалыптастыру,ойлау қабілетін дамыту мақсатында жүргізілетін сабақтар.

Жеткіншек ұрпаққа сапалы да тиянақты білім беріп,адамгершілікке,ізгілікке, имандылыққа,инабаттылыққа тәрбиелеу және оларды белгілі бір пән саласына икемдеу қазіргі таңдағы ұстаздар қауымының маңызды міндеттерінің бірі.

Бұл оқушының жекелеген пәнді игерудегі жетістіктерін одан әрі тереңдетіп,сол пәнге деген танымдық қабілетін дамытып, қызығушылығын арттырып қана қоймай,олардың дүниетанымын кеңейтуге,есте сақтау қабілетін нығайтуға,тіл мәдениетінің дұрыс қалыптасуына,ойлау үрдісінің дамуына да септігін тигізеді.

Математика пәні бойынша вариатив сабақтарды ұйымдастыру арқылы қабілетті(дарынды) оқушылармен жұмысты жандандыруға болады. Сонымен қатар дидактикалық ойындар, (ұлттық ойындар)математикалық ребустарды, математикалық фокус,жаңылтпаштар,мақал-мәтел, сөзжұмбақтарды шешу, қызықты әзіл есептерді шығару,математикалық ертегілер,логикалық жаттығуларды орындау оқушының ақыл –ойын, қиялын, интеллектуалдық ой-өрісінің ұшқырлығын дамытудың бірден-бір ұтымды тәсілі.

Мектеп жасына дейінгі балаларда қарапайым математикалық түсініктерді дамыту барысында пайдаланатын құралдар: жабдықтар, көрнекіліктер, оқулықтар, тапсырмалар (жаттығулар). «Қызықты математика» бағдарламасы мектепалды даярлық топтарында аптасына 1 сағат.

Бағдарламаның мақсаты:

мектеп жасына дейінгі балаларға заттың ені, ұзындығы, биіктігі бойынша салыстыру мен зерттеу тәсілдерін үйрету;
көлем мен өлшем туралы жалпы түсінік;
қарапайым геометриялық пішін туралы түсініктер қалыптастыру;
санның натурал қатары туралы түсініктерін қалыптастыру әдістемесі.

Бағдарламаның міндеттері:

мектеп жасына дейінгі балаларда сандық ұғымды қалыптастыру;
балларға дамыту ойындары арқылы ұғымдарды түсіндіру;
балларға санамақтарды санауда қолдау;
түстеді ажыратып, пішіндерді бояуда көметесу

«Қызықты математика»

р/с	Тақырыбы	Мақсаты	Сағ\ саны	Мерзімі
1	Заттар белгілері(түсі, пішіні, өлшемі, қызметі, материалы)	Заттардың белгілерін анықтау іскерлігін тексеру;	1	2.09
2	Бірдей. Әртүрлі. Заттарды әртүрлі белгілер бойынша салыстыру. Геометриялық фигуралар туралы жалпы түсініктер (шеңбер, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тікбұрыш)	Заттарды әртүрлі белгілері бойынша салыстыру, олардың қасиеттері мен айырмашылықтарын «бірдей», «әртүрлі» деген сөздерді қолдана отырып табу іскерлігін қалыптастыру;	1	9.09
3	Заттардың белгілерінің өзгеруі.	Заттардың өзгерістерін көру және өзгерістердің қандай белгілер бойынша орын алғанын анықтау іскерлігін қалыптастыру:	1	16.09
4	Заттарды топқа біріктіру.	Заттарды топтарға біріктіру, оларды топтарға бөлу және берілген белгілері бойынша заттарды топтан ажырату іскерлігін қалыптастыру.	1	23.09
5	Сол жақтан – оң жақтан.	Оң қол мен сол қолды ажырату іскерлігін дамыту.	1	30.09
6	Уақыт реттілігін анықтау.	Уақыттық түсініктерді дамыту: оқиғалардың реттілігін анықтау іскерлігін қалыптастыру.	1	7.10
7	Уақытта бағдарлау : тәулік (таң, күн, кеш, түн), апта күндері. Күн режимі.	Тәулік бөліктері мен апта күндерін, күн режимі мен оны сақтау қажеттілігі түсініктерін қалыптастыру.	1	14.10
8	Уақытты бағдарлау: айлар, жыл мезгілдері, жыл.	Жыл мезгілдерін, айларды ретімен атау іскерлігін дамыту.	1	21.10
9	Сызықтар. Түзу. Қисық сызық. Тұйық сызық. Тұйықталмаған сызық.	Сызықтарды қоршаған ортадан табу іскерлігін қалыптастыру.	1	28.10
10	Нүкте. Сәуле. Бұрыш. Кесінді.	«нүкте», «сәуле», «бұрыш», «кесінді» түсініктерін қалыптастыру.	1	11.11
11	Бір. Көп. Саны мен цифры. Жол. Баған.	Жиынтықтан жекеленген заттарды бөліп алу іскерлігін дамыту.	1	18.11
12	2 саны мен цифры.	2 санымен және цифрымен таныстыру.	1	25.11
13	3 саны мен цифры.	3 санымен және цифрымен таныстыру.	1	2.12
14	4 саны мен цифры.	4 санымен және цифрымен таныстыру.	1	9.12
15	Сандарды салыстыру.	Заттар жиынтықтары мен сандарды «<», «>», «=» белгілерінің көмегімен салыстыру іскерлігін қалыптастыру.	1	23.12
16	Қосу. «+» белгісі.	«+» белгісімен таныстыру.	1	13.01
17	Азайту. «-» белгісі.	«-» азайту белгісімен таныстыру.	1	20.01
18	5 саны мен цифры.	5 санымен және цифрымен таныстыру.	1	27.01
19	1-5 сандары.	5-тің көлемінде есептеу дағдыларын қалыптастыру.	1	3.02
20	6 саны мен цифры.	6 санымен және цифрымен таныстыру.	1	10.02
21	7 саны мен цифры.	7 санымен және цифрымен таныстыру.	1	17.02

22	8 саны мен цифры.	8 санымен және цифрымен таныстыру.	1	24.02
23	9 саны мен цифры.	9 санымен және цифрымен таныстыру.	1	3.03
24	0 саны мен цифры.	0 санымен және цифрымен, сандық қатардағы орнымен танысу.	1	10.03
25	10 саны мен цифры.	10 санымен және цифрымен таныстыру.	1	17.03
26	Теңгемен танысу.	Ұлттық валюта - теңге туралы жалпы мағлұ-мат беру. Балаларды түрлі монеталармен таныстыру.	1	31.03
27	Сағат.	Уақытты сағат бойынша анықтау іскерлігін қалыптастыру.	1	7.04
28	0-10 сандары.	Есептік және реттік санау дағдыларын бекіту.	1	14.04
29	«Көңілді сандар»	Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Заттарды көзбен салыстырып, жаттықтыру.Қойылған сұрақтарға және берілген тапсырманы ұқыпты орындауға тәрбиелеу.Ізденісті шығармашылық іс-әрекетке ықпал ету	1	21.04
30	«Сиқырлы таяқшалар»	Балаларды (5-7) (7-9) таяқшаларды пайдалана отырып, геометриялық пішіндер құрастырып үйрету. Жалғастыра құрастырған ж/е екі таяқша қосып өзгертуге үйрету.Санау дағдыларын қалыптастыра отырып балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу, ойлау қабілеттерін дамыту.	1	28.04
31	Жұмбақ есептер	Балаларды жұмбақ есептің шартын дұрыстап тыңдап, оның жауабын ойланып беруді үйрету.Ұқыпты тыңдауға тәрбиелеу, ойлау қабілеттерін арттыру. Сиқырлы сандықшадан шыққан тапсырмаларды орындауға талап ету.	1	5.05
32	Жалпы ұғымдар.	Заттардың белгілері, жиынтықтар, геометриялық фигуралар туралы білімдерді қайталау және бекіту;	1	12.05
33	«Математика әлемінде»	Геометриялық денелерді атай ж/е ажырата білулерін қалыптастыру, берілген жолақшаларды (енді ж/е жіңішкесін салыстырып келтіру әдісін тапқызу) Балаларды 20-ға дейін, кейін тура санау қабілеттерін бекіту.Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін, тапқырлықтарын дамыту, достыққа тәрбиелеу, ойын түрде білімдерін тиянақтау	1	19.05

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты
2. Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған
3. «Біз мектепке барамыз» бағдарламасы
4. Мектепке дейінгі жалпы білім беру бағдарламасы
5. Ш.Х.Құрманалина, С.Ш.Сәрсенбаева, Р.Қ.Өміртаева
6. Математикадан дидактикалық ойындар және қызықты тапсырмалар
7. Б.М.Қосанов, Р.Қ.Өміртаева
8. Математикадан қызықты жаттығулар
9. Ш.Х.Құрманалина, М.Жұмабекова, Р.Өміртаева
10. Математикаға арналған дидактикалық материалдар
11. Л.В.Кирилинская, А. Сәулебаева, М.К. Абаева –Бегалиева
12. Сиқырлы математика «Шикула және К» 2010 жыл
13. Қызықты сандар құпиясы Алматы-2008 жыл
14. С.Мадалиева Сиқырлы математика елі
15. 15.ОспановТ.Қ және басқалар. Математика. Дидактикалық материалдар. «Атамұра», 2000.